

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

«Nur Otan» партиясы
фракциясының мүшесі,
Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
Ж. Қ. Омарбековаға

2020 жылғы 17 қыркүйектегі
№ ДС-130 сауалға

Құрметті Жұлдыз Қажыкенқызы!

Мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру бойынша жоғарыда көрсетілген депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлаймын.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес (Үкіметтің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысы, бұдан әрі – МЖЖ) бүгінгі таңда мемлекеттік жоспарлаудың **3 деңгейлі жүйесі** құрылды.

Бірінші деңгейдегі құжаттарға түйінді басымдықтары мен бағдарлары бар елдің ұзақ мерзімді және орта мерзімді пайымын айқындайтын құжаттар жатады.

Екінші деңгейдегі құжаттар елдің экономикалық даму параметрлерін айқындайды, сондай-ақ оларға мемлекеттік бағдарламалар жатады.

Үшінші деңгейде орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары, өңірлердің аумақтарын дамыту бағдарламалары, бірінші және екінші деңгейдегі құжаттарға қол жеткізу жолдарын оларды декомпозициялау негізінде айқындайтын ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың даму стратегиялары іске асырылады.

Жол карталары, тұжырымдамалар, кешенді жоспарлар **МЖЖ құжаттарына жатпайды**, бірақ МЖЖ құжаттарының көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағытталған.

Бүгінде **130-дан** астам жол картасы қолданылады және Ұлттық экономика министрлігі ағымдағы жылдың соңына дейін олардың іс-шараларының орындалуына талдау жүргізіледі. Жүргізілген талдау қорытындылары бойынша жол карталарын одан әрі нормативтік-құқықтық регламенттеу жөнінде ұсыныстар әзірленетін болады.

Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру бойынша мониторинг МЖЖ талаптарына сәйкес жүргізіледі. Мемлекеттік бағдарламалар бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелері және оларға қорытындылар дайындау Президент Әкімшілігімен келісу бойынша қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар, МЖЖ одан әрі жетілдіру мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмаларын қоспағанда, бірқатар түзетулерді, оның ішінде мемлекеттік бағдарламаларға түзетулер енгізуді шектеуді көздейтін «Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Үкімет қаулысының жобасы әзірленді.

Сондай-ақ, осы қаулы жобасында Мемлекет басшысының тапсырмаларын қоспағанда, мемлекеттік бағдарламаны жаңа редакцияда қайта бекітуге тыйым салуды белгілейтін түзету көзделген.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы шеңберінде айтылған тапсырмасына сәйкес Үкімет Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп, МЖЖ-не ұлттық жобаларды енгізу бойынша жұмыс жүргізуде.

Бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлағаны және пайдаланғаны үшін жауапкершілікті күшейту үшін ағымдағы жылдың қаңтарынан бастап мемлекеттік органдар басшыларына айыппұл санкциялары көзделген заңнамалық түзетулер күшіне енді.

Мемлекеттік жоспарлаудың тиімділігін арттыру мақсатында ел шеңберінде Big Data ауқымын кеңейту мүмкіндігімен Smart Data Ukimet ақпараттық талдау жүйесі және Бірыңғай деректер қоймасы әзірленуде.

Осы жобамен елдің барлық негізгі көрсеткіштерінің автоматтандырылған мониторингін қамтамасыз ету үшін деректер көздерін қосу, талдамалық шешімдерді іске асыру, болжамдық және талдамалық модельдерді құру жоспарлануда.

Бұл, сондай-ақ, мемлекеттік бағдарламалардың мониторингі процесіне, мемлекеттік қолдау шараларына, оның ішінде фото және бейне есептілікті пайдалана отырып, сапалы өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді.

Жалпы, үкімет мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізуде.

А. Мамин

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Члену Фракции партии
«Nur Otan», депутату
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Омарбековой Ж.К.**

*На запрос от 17 сентября 2020 года
№ ДС-130*

Уважаемая Жулдыз Кажикеновна!

Рассмотрев вышеуказанный депутатский запрос о совершенствовании Системы государственного планирования, сообщаю следующее.

В соответствии с Системой государственного планирования (*ППРК от 29 ноября 2017 года № 790, далее – СГП*) на сегодня выстроена **3-х уровневая система** государственного планирования.

К документам **первого уровня** относятся документы, определяющие долгосрочное и среднесрочное видение страны с ключевыми приоритетами и ориентирами.

Документы **второго уровня** определяют параметры экономического развития страны, к ним относятся также государственные программы.

На **третьем уровне** реализуются стратегические планы центральных государственных органов, программы развития территорий регионов, стратегии развития национальных холдингов и национальных компаний, определяющие пути достижения документов первого и второго уровней на основе их декомпозиции.

Дорожные карты, концепции, комплексные планы **не относятся к документам СГП**, но при этом ориентированы на достижение показателей документов СГП.

На сегодня действуют свыше **130** дорожных карт и Министерством национальной экономики до конца текущего года будет проведен анализ исполнения их мероприятий. По итогам проведенного анализа будут выработаны

предложения по дальнейшей нормативно-правовой регламентации дорожных карт.

Мониторинг по реализации государственных программ проводится согласно требованиям СГП. Итоги проведенного мониторинга по государственным программам и подготовка к ним заключений обеспечиваются по согласованию с Администрацией Президента.

Вместе с тем в целях дальнейшего совершенствования СГП разработан проект постановления Правительства «О внесении изменений и дополнений в постановление Правительства Республики Казахстан «Об утверждении Системы государственного планирования в Республике Казахстан», предусматривающий ряд поправок, в том числе ограничение внесения корректировок в государственные программы, за исключением поручений Главы государства.

Также в данном проекте постановления предусмотрена поправка, устанавливающая запрет на переутверждение госпрограммы в новой редакции, за исключением поручений Главы государства.

В то же время в соответствии с поручением Главы государства, озвученным в рамках Послания народу Казахстана «Казахстан в новой реальности: время действий», Правительством совместно с Агентством по стратегическому планированию и реформам проводится работа по внедрению национальных проектов в СГП.

Для усиления ответственности за неэффективное планирование и использование бюджетных средств с января текущего года вступили в силу законодательные поправки со штрафными санкциями к руководителям государственных органов.

В целях повышения эффективности государственного планирования разрабатываются информационная аналитическая система Smart Data Ukimet и Единое хранилище данных с возможностью масштабирования Big Data по стране.

Данным проектом планируются подключение источников данных для обеспечения автоматизированного мониторинга всех основных показателей страны, реализация аналитических решений, построение прогнозных и аналитических моделей.

Это позволит также внедрить качественные изменения в процесс мониторинга государственных программ, в меры государственной поддержки, в том числе с использованием фото и видео отчетности.

В целом, Правительством на постоянной основе проводится работа по совершенствованию системы государственного планирования.

А. Мамин